

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«І.ЕСЕНБЕРЛИН АТЫНДАҒЫ
№15 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №15
ИМЕНИ И.ЕСЕНБЕРЛИНА»
ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Н.В. Гоголь көшесі, 12 үй 030003
Тел: 8 (7132) 45-81-95 .458198
i.esenberlin_15@mail.kz

ул.Н.В.Гоголя,12.030003
Тел: 8 (7132) 45-81-95.458198
i.esenberlin_15@mail.kz

« 18 » 01 2024ж

№ 25

Мектептегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы №802 Жарлығы мен Сыбайлас Жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары негізінде «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылдың 3 қаңтар күнгі №7 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.2024-2026 жылдарға арналған мектепшілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспары бекітілсін (қосымша №1)
- 2.Оқушылардың ата-аналарынан, заңды түрде өкілдерінен және мектеп қызметкерлерінен заңсыз ақша жинауды болдырмау шаралары қабылдансын;
 - 2.1.Заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында оқушылар мен ата-аналар үшін «Сенім» телефоны және «Сенім» жәшігі ұйымдастырылсын;
 - 2.2.Мектептің материалдық-техникалық базасын дамыту Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы «Білім туралы» Заңының 64 бабына сәйкес жүзеге асырылсын;
 - 2.3.Мектеп оқушылары, ата-аналар мен заңды түрдегі өкілдерінен заңсыз ақша жинатпау мектеп басшысына жүктелсін;
- 3.Оқушылардың ата-аналарынан ақша жинау деректері анықталған жағдайда тәртіптік жаза қолдану сұрағы қарастырылсын;
- 4.Осы бұйрық барлық мектеп қызметкерлеріне өндірістік кеңесте, ата-аналарға ата-аналар жиналысында жиналыс өткізу арқылы жеткізілсін;
- 5.Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:

Байниязова Н.Ж.

